

Чехия) в рамках проекта совместных научных исследований (ИРН АР09260549).

Список литературы

1 Рамазонов Н.Ш., Бобаев И.Д., Сыров В.Н., Сагдуллаев Ш.Ш., Маматханов А.У. Химия, биология и технология получения фитоэкдистероидов. Ташкент: «Fanvatechnologiya», 2016. – 260 с.

2 Тулеуов Б.И. Технология фитостероидных препаратов. Караганда: «Гласир», 2017. – 112 с.

ӨСІМДІК ЭКСТРАКТ НЕГІЗІНДЕГІ СУППОЗИТОРИИ ҚҰРАМЫН ТАЛДАУ

¹Қойшыбай Е., ¹Құрал А., ¹Қоныс А., ¹Татеева А.Б. ,
¹Избастенова Д.С., ²Көкжалова Б.З.

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
²Қарағанды медицина университеті

Қазіргі заманның медицинасының маңызды мәселелерінің бірі диагностика, емдеу және проктологиялық аурулардың алдын алу. Соңғы уақытта тік ішек аурулары, атап айтқанда проктит, проктосигмоидит, геморрой көбірек таралуда және төмендеу үрдісі жоқ. Мұның себебі отырықшы, аз қозғалатын өмір салты, дұрыс тамақтанбау, жаман әдеттер, алкогольді шектен тыс пайдалану, стресс. Кәзіргі уақытқа дейін, осы санаттағы науқастарды емдеу тактикасың таңдау мәселесі өзекті болып қала береді және қазақстандық табиғи емдік препараттардың жетіспеушілігі байқалады. Суппозиторий шығару технологиясы Қазақстанда дамымаған. Төменгі 1 кестеде суппозиторийдың нарықта аталуы және өндіруші ел көрсетілген [1-3].


Кесте 1

Нарықтағы атауы	Белсенді ингредиент	Шығарылым түрі	Өндіруші ел	Фармацевтикалық топ
Бисакодил Нижфарм	Бисакодил* (Bisacodyl*)	Суппозиториялар	Ресей	Іш жүргізетін дәрілер
Гепатром-бин Г	<u>Натрий гепарині</u> <u>Преднизолон</u> <u>Лауромакрогол 600*</u> (<u>HeparinumnatriumPrednisolonumLauromacrogolum</u> <u>600</u>)	Жақпа май Суппозиториялар	Сербия	Антикоагулянттар
Диклофенак	<u>Диклофенак*</u> (<u>Diclophenacum</u>)	Суппозиториялар	Польша Ресей	НПВС

Доло-прокт	<u>ФлуокортолонЛидокаин*(FluocortolonumLidocainum)</u>	Жағар май Суппозиториялар	Италия	Глюкокортикостероидтар
Дулько-лакс	<u>Бисакодил* (Bisacodyl*)</u>	Суппозиториялар Таблеткалар	Италия Франция	Іш жүргізетін дәрілер
Календула	Календула тұнбалары	Суппозиториялар Жақпай	Ресей Беларусь	Гомеопатикалық заттар
Натальсид	<u>Альгинат натрийі (Natriialginas)</u>	Суппозиториялар	Ресей	Гемостатикалық заттар
Нефлуан	<u>НеомицинФлуоцинолонаацетонидЛидокаин*(NeomycinumFluocinoloniacetomidumLidocainum)</u>	Гель	Италия	Глюкокортикостероид+антибиотик+жергілікті анестетик
Нигепан	<u>Натрий гепарині+ Бензокаин* (Heparinumnatrium + Benzocainum)</u>	Суппозиториялар	Ресей	Антикоагулянт
Новокаин	<u>Прокаин* (Procainum)</u>	Суппозиториялар	Ресей	Жергілікті анестик
Шырғанақ майы	<u>Шырғанақ майы (OleumHippophaes)</u>	Суппозиториялар	Ресей Молдова	Регенеранттар
Олестезин	<u>Шырғанақ майы, сульфатидол, бензокаин</u>	Суппозиториялар	Ресей	Регенеранттар
Папаверин	<u>Папаверин (Papaverinum)</u>	Суппозиториялар	Ресей	Спазмолитиктер
Парембал	Бақсы қабығының сулы ерітіндісі	Жақпай Суппозиториялар	Германия	Ангиопротекторлар
Пиолизин	Фенолдың ерітіндісі, цинкoxidі, салицил қышқылы	Жақпай	Германия	Регенеранттар
Постеризан	Фенолмен өлтірілген, ішек таяқшасының микроб жасушалары	Жақпай Суппозиториялар	Германия	Иммуномодуляторлар
Прамоксин	<u>Прамокаин* (Pramocainum)</u>	Жағар май	АҚШ	Местный анестетик
Прокто Гливе-нол	<u>ТрибенозидЛидокаин (TribenosidumLidocainum)</u>	Жағар май Суппозиториялар	Швейцария Франция	Жергілікті анестетик

Проктосед ил	<u>Бензокаин</u> <u>Бутамбен</u> <u>Гидрокортизон</u> <u>Фрамицетин</u> <u>Эскулозид*</u> (<u>Benzocainum</u> <u>Butambenum</u> <u>Hydrocortison</u> <u>um</u> <u>Framycetinum</u> <u>Aesculosidum</u>)	Жақпа май Суппозиториялар	Үндіс- тан Ұлыб ритания	Глюкокортик остероид
Релиф Адванс	<u>Бензокаин*</u> (<u>Benzocainum</u>)	Жақпа май Суппозиториялар	АҚШ Италия	Жергіліктіане стетиктер
Релиф® Про	<u>Флуокортолон</u> <u>Лидокаин*</u> (<u>Fluocortolonu</u> <u>Lidocainum</u>)	Жағар май Суппозиториялар	Италия	Глюкокортик остероиддар
Релиф® Ультра	гидрокортизона ацетат цинка сульфата моногидрат	Суппозиториялар	АҚШ	Регенеранттар
Симетрид	Флуоцинолон ацетониді-висмут субгаллаты /дерматол/-ментол рацемиялықтримекаин	Суппозиториялар	Ресей	Есірткі емес анальгетиктер
Тыкве-ол	Аскабақ тұқымдарының биологиялық белсенді заттар кешені	Суппозиториялар	Ресей	Регенерант- тар
Ультра- прокт	флуокортолонцинхокаин	Жақпа май Суппозиториялар	Италия	Глюкокортик остероидтар

Дәрілік формалардың талдауы барысында суппозиториялардың ассортименти басым - 38% құрайды.



Емдік қасиеті бар жаңадәріліккомпозиция алу және суппозитории жасау технологиясын ұсыну маңызды [3-4]. Сонымен қатар өсімдік экстрактыларынан алынатын, адам ағзасына кері әсерін тигізбейтін, жоғары терапевтік әсері бар

суппозитории қатарын ұлғайту фармацевтикалық өндірісінің дамуына әкелетіні сөзсіз.

Әдебиет

1. Орлова, Т.В. Выбор суппозиторных основ в технологии суппозитория / Т.В. Орлова, Т.А. Панкрушева // Фармация.-2014.- № 1. – С. 34-38. <https://elibrary.ru>

2. Погорелов, В.И. Обоснование выбора вспомогательных веществ в технологии мазей и суппозиториях различного спектра действия / В.И. Погорелов // Разработка, исследование и маркетинг новой фармацевтической продукции: сб. научн. тр.–Пятигорск, 2009.–Вып. 59. – С. 111-112. <https://f.eruditor.one/file/793040/?ysclid=lhnh7k7iq665438024>

3. Попова, В.И., Литвиненко, В.И., Куцанян, А.С. (2016). Лекарственные растения мировой флоры: энциклопед. справочник. Харьков: Дісаплюс, 540с.

4. Разработка состава, технологии и изучение вагинальных суппозиториях для лечения неспецифических кольпитов / М.А. Захарова [и др.] // Человек и его здоровье.–2009.–№ 2.–С. 134-142.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кокибасова Г.Т., Садықов Т.М., Оспанова А.С.

Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Казахстан

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин студенттердің оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау студенттердің жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді, сонымен қатар әр студенттің құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады [1].

Бағалау туралы ережелер мен тәжірибе зерттеу нәтижелерінің негізінде қалануын қамтамасыз етуге бағытталған және Ұлыбритания ғалымдарынан құрылған бағалауды реформалау тобы бағалаудың оқуға жағымды да, жағымсыз да ықпал ете алатындығын мойындай отырып, оқуға игі әсер ететін бағалаудың сипаттамаларын қорытатын қағидаттарды (принциптерді) ұсынады:

- Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

- Шынайылық, анықтық және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу